

Жумагелдиева А.Д.¹, *Асанова Г.С.², Рола Я.³

¹ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,

² Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,

³ М. Гжегожевская атындағы арнайы педагогика академиясы,

^{1,2} Қазақстан, Алматы

³ Польша, Варшава

¹ ORCID: 0000-0002-6795-3514

² ORCID: 0009-0005-8148-0046

³ ORCID: 0000-0001-8340-688X

* mergen-2009@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Аңдатпа

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби даярлығы ерекше маңызға ие. Зерттеу мақаласы инклюзивті білім беру, оны жүзеге асыруда педагогтердің білімі, дайындығы мен рөлі, осы мәселе аясындағы халықаралық және Қазақстандық тәжірибені саралайды. Зерттеу мақаласының мақсаты инклюзивті білім берудің қазіргі жай-күйін анықтап, педагогтердің дайындығын әлемде бар тәжірибелерді салыстыра отырып талқылау. Зерттеу жұмысының нәтижелерін ұсыну үшін инклюзия тақырыбындағы зерттеулерді зерделеп, жалпы орта мектептер мен педагогикалық университет студенттері арасында екі блоктан тұратын арнайы сауалнама жүргізіп, инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың теориясы мен практикасы, инклюзивті білім беруге көзқарасы мен қатысуы, педагогтердің білімі мен кәсіби құзіреттіліктерін диагностикалау мақсатында империкалық талдау, когнитивтік талдау тәсілдері қолданылды. Сауалнама нәтижесі бойынша инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагогтердің кәсіби даярлығын қалыптастыруға ұсыныстар берілді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға денсаулығында кінәраты жоқ балалармен бірдей білім беру мәселесі қазіргі таңдағы білім саласындағы өзекті тақырыптардың бірі болғанымен, оны дамыту саласында түрлі шаралар атқарылып жатқанменде әлі күнге дейін терең зерттеулерді қажет етеді, өйткені мұндай балалар саны өсуде. Зерттеу қорытындысы ретінде халықаралық тәжірибені басшылыққа ала отырып түрлі механизмдерді құру керектігі, педагогтердің теориялық білімінен көрі практикалық білімін дамыту қажеттігі ұсынылады.

Түйінді сөздер: болашақ педагог, кәсіби даярлық, инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, жалпы орта мектеп, біліктілікті арттыру, психологиялық-педагогикалық қолдау.

Кіріспе. Қазіргі таңда инклюзивті ортаны қажет ететін балалар саны күннен-күнге өсуде. Соған сәйкес, Қазақстан Республикасы шетелдік тәжірибелерді қолдана отырып және шетелдік мамандармен бірлесіп жалпы білім беретін мектептерде денсаулығы шектеулі, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау, олардың басқа балалармен бірдей білім алуына мүмкіндік жасау мақсатында түрлі әдістемелік, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырып отырады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жыл сайын санының өсуі және білім беру жүйесі жаңа бағдарламасының мазмұны әрбір баламен жеке жұмыс жасау қажеттілігі инклюзивті орта құрудың өзектілігін арттырады. 2021 жылғы «Ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының бірыңғай мониторингына сәйкес Қазақстан Республикасындағы 18 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың үлесі жалпы балалардың 3% құрады [1]. Оларды оқыту және тәрбиелеу қажеттілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру маңыздылығын арттырады.

Денсаулығы шектеулі балалар үшін жалпы білім беру ұйымдарында жағдай жасалу міндетті. Жоспарға сәйкес 2025 жылға дейін балабақшаларда 70%-ға, мектеп, колледж және жоғары оқу орындарында 100%-ға жағдай жасау жоспарланған [2]. Және білім берудің барлық деңгейлерінде инклюзивті жағдайды жүзеге асыру мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда, мемлекет тарапынан ерекше қажеттілігі бар адамдарға өмірдің барлық саласында кедергісіз орта құру үшін де мүмкіндіктер қарастырылуда. Осы мәселелерді шешуде ғылыми зерттеулерге, құжаттар түзуге, педагогтарды арнайы дайындауға, инклюзивті ортада оқытуға тәрбиешілерді, мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына мемлекет тарапынан гранттар бөлінуде.

2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы денсаулығында даму ерекшеліктері бар балаларға арналған білім беру саясатында жаңа бағыттар қалыптастыра бастады. Алғаш рет елімізде инклюзивті білім беру мәселесі 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көтерілді. Қазақстан Республикасының «Білім» заңында 1 тарау 3 бабы бойынша баршаның сапалы білім алуға құқықтары тең екендігі бекітілген [3]. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру талаптары мынадай бірнеше арнайы құжаттарда бекітіледі «Білім беру стандарттар», «Дамуында ауытқуы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар», «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Жыл сайынғы бекітілетін «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процессін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру, мектепте психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, зияты зақымдалған білім алушыларды барлық жағынан қолдау, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау, педагогтер қызметін ұйымдастыру, мектепте инклюзивті мәдениетті қалыптастыру, арнайы білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері бойынша нұсқаулықтар қамтылады. Сонымен қатар жоспарға сай Қазақстан Республикасының өңірлерінде инклюзивті білім беру бойынша Назарбаев Университеті, «Дара» қорының және де басқа республикалық білім беру мекемелері педагогтерді, тәрбиешілерді, мектеп мұғалімдерін дайындау курстарын ұйымдастырып отырады [4]. Инклюзивті білім беру мазмұны кең ауқымды қамтып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар білім беру ұйымдарын өз жергілікті мекен-жайы бойынша таңдауға құқығы туындады, алайда мүмкіндіктерін ескеру қажет екенін де ұмытпауымыз қажет.

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Германия, Швеция, Оңтүстік Корея, Финляндия, Дания, Румыния, Ресей және тағы басқа) инклюзивтік білім берудің арнайы бағдарламалары бекітіліп, көп жылдан бері жұмыс жасалуда, тәжірибе бөлісуде [5].

Халықаралық құжаттар инклюзивтік білім берудің үшінші әлемдік тенденциясын қалыптастырып, ерекше қажеттіліктері бар балаларды, жастарды және ересектерді өмір бойы білім алуға шектеусіз тартуға бағытталған [6, 7, 8]. Шетелдік теория мен практикадағы бұл бағыттың бүгінде белгілі бір ғылыми негізі бар, оның жетекші категориясы инклюзивті білім беру ұғымын бірлескен білім беру бағдарламалары және қалыпты немесе қажеттіліктері бар балаларды ешқандай жағдай мен шектеусіз тәрбиелеуді нақты анықтау болып табылады.

Көптеген шет елдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасайтын болсақ, ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу әлем бойынша басты назарда. Инклюзивті білім беруде педагогтің көзқарасы және балалармен жұмыс барысында кәсіби даярлығы жеткілікті болу қажеттілігі туады. Инклюзивті білім берудің негізгі шарттарының бірі мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды, тәрбиелеуді, дамытуды қамтамасыз ететін педагогтердің кәсіби құзіреттілігі. Осындай топ балаларымен жұмыс жасау, оларға білім мен тәрбие беруде педагогтерді арнайы дайындау қажеттілігі туындайды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын педагогтердің кәсіби құзіреттіліктеріне балаға арнайы сабақ беруден басқа стресстік жағдайларда өзін ұстай білуі, жағдайға және оның өзгеруіне байланысты тез шешім қабылдай алу, жағымсыз эмоцияларды жеңе білу, күтпеген жағдайларда өзін меңгере алу, оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру, мұндай балалардың ата-анасымен тығыз байланыста болып, бірлесе жұмыс жасай алу, балаға өзінің педагогикалық тәсілдері арқылы қажетті көмекті бере алу, басқа тиісті мамандармен бірлесе қызмет жасау, әртүрлі оқушылармен жұмыс жасауға қажетті психологиялық-педагогикалық технологияларды меңгеру сияқты көптеген қабілеттер мен құзіреттіліктерді меңгеруі қажет.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында педагогтердің көзқарастары және қолдаулары өте маңызды. Инклюзивті білім беру мен оны жүзеге асыратын педагогтердің

әлемдік тәжірибесіне бағытталған зерттеулерді саралайтын болсақ, қазіргі таңда көптеген мектеп мұғалімдерінің осындай топтағы балаларға қатынасы және оларды қабылдау жөнінде көзқарастары біршама өзгеріске ұшырағанын байқай аламыз.

Финляндиядағы педагогтердің инклюзивті білім беруге қарым-қатынасы жөнінде зерттеуді қарайтын болсақ, 15 жыл бұрын өткізілген эксперимент пен соңғы өткізілген эксперимент арасында едәуір өзгерістер байқалады. Финляндия ғалымы Тимо Саловиита ауқымды зерттеу нәтижесінде инклюзивті білім беруге және ЕББҚБ-мен жұмыс барысында педагогтердің белсенділік категориясын арнайы мамандар, яғни мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагогтер ең жоғары көрсеткіш, ал пән мұғалімдері ең төмен көрсеткіш көрсеткенін анықтады. Бұның себебі пән мұғалімдері тек сабақ барысына аса назар аударады және пәнінің айналасында ғана ойланып, сол пәнді оқыту мен түсіндіруге көп күш жұмсайды. Нәтижелер Финляндияда инклюзивті білім беру саясаты мұғалімдер арасында, әсіресе пән мұғалімдері оқытатын негізгі мектептің жоғары сыныптарында мінез-құлық кедергілеріне тез тап болатындығын көрсетеді (Moberg, 2003). Сондай-ақ, мұғалімдердің барлығы емес, тек бір бөлігі ғана денсаулығы шектеулі балаларды қарапайым сыныптарда тиімді оқытуға болатындығы туралы негізгі идеяны қабылдағанын атап өткен жөн. Нәтижелер фин мектептерінде инклюзивті өзгерістер болуы мүмкін екенін растайды [9].

Мектептерде инклюзивті білім берудің қолжетімділігі мынадай аспектілерден тұрады:

- *құқықтық аспект* – білім алу мүмкіндігі заңмен кепілдендірілген;
- *экономикалық аспект* – баланың білім алу қажеттіліктерін қаржылық қанағаттандыру;
- *ұйымдастырушылық аспект* – баланың тұрғылықты жеріне жақын орналасқан және осындай топ өкілдеріне тиісті жабдықталған, арнайы мектеп автобустары қамтылған, арнайы инфрақұрылымы, білікті арнайы педагогтері, логопедтері, психологтары, әлеуметтік педагогтері, мұғалім көмекшілері және арнайы жабдықтары бар инклюзивті білім беру мекемелерінің желісін кеңейту;
- *мазмұндық аспект* – баланың физикалық және ақыл-ой мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мазмұнын бейімдеу және модификациялау;
- *технологиялық аспект* – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттарының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық-педагогикалық, ақпараттық-коммуникативтік, психологиялық, әлеуметтік, медициналық және оңалту технологияларын белсенді пайдалану [10].

Соңғы зерттеулерді талдай келе, инклюзивті білім беру ортасын құруда педагогтердің кәсіби даярлығы мен құндылығы маңызды екенін баса айта аламыз. Яғни, болашақ және қазіргі мектеп мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін дұрыс ұйымдастыра білу қабілеттері болуы қажет деп санаймыз. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды (ЕББҚБ) дамуы қалыпты балалармен бірге оқыту басты назарда. Оларды тек бірге оқыту ғана емес белгілі бір мақсатқа жеткізу, нәтиже алу міндеттеледі.

Инклюзивті білім беру бойынша зерттеулер жасап жүрген Румыния ғалымы Лусиана Фрумостын зерттеуі бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері бұл процестің негізгі қатысушылары. Олардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әдеттегі сыныптарға қосуға деген көзқарасы инклюзивтік күш-жігердің табысты болуы үшін ерекше маңызды. Мұғалімнің «өзіндік тиімділігі» әртүрлі оқушылармен жұмыс жасауда да маңызды рөл атқарады. Румынияның сыныбында мүмкіндігі шектеулі оқушылары бар бастауыш сынып мұғалімдері арасында жүргізілген ауқымды зерттеуге сәйкес мұғалімдердің өзінің тиімділігін арттыру арқылы инклюзивті білім беру ортасын құруда жақсы нәтиже алады деген тұжырымға келеді. Зерттеу нәтижесінде осындай топтағы балалармен жұмыс жасау бойынша курстан өткен мұғалімдерге қарағанда қарапайым сынып мұғалімдерінің инклюзивті білім беруге қатынастары позитивті көзқарас білдіріп, сыныпқа қабылдауға деген ұмтылыстарын байқайды. Бұның себебі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауда педагогтердің түрлі қиыншылықтармен бетпе-бет келіп, өз тәжірибесінде

өткергені және оның белгілі бір ауыртпашылығын сезінгендіктен деп түсіндіреді. Оны алдын алу үшін арнайы мамандардың көмектері әрқашанда қолжетімді болу қажет екенін алға тартады [7, 130 б.].

Ғалымның айтуы бойынша болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру бойынша кәсіби қызметке дайындығының SMART когнитивті-құзыреттілік компонентінің ақпараттық критерийінің болуы қажет деп санайды. SMART ақпараттық өлшемінің келесі көрсеткіштері: инклюзивті білім берудің заңнамалық, ұғымдық және терминологиялық өрісін білу; инклюзивті білім беруді ілгерілетудің психологиялық-педагогикалық жағдайларын түсіну; білім беру процесінде цифрлық технологияларды пайдалану қажеттілігі [11].


Инклюзивті білім беру педагогтерін даярлаудағы жетекші идея – олардың инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзіреттіліктерін, өзінің кәсіби қызметіне құрылымдық өзгерістер енгізуге қабілеттілігін дамыту және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды әлеметтендіруді қамтамасыз ету [12].

Әдістер мен материалдар. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда мектеп педагогтері (Шымкент қаласындағы №87, №1, №103 орта мектептерінің мұғалімдері) мен Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» оқу бағдарламасының 3-курс студенттерімен (саны 80) авторлық сауалнама алынды. Сауалнаманы әзірлеу технологиясы практикалық (конативті) дайындық, теориялық ережелер, деңгейді бағалауға мүмкіндік беретін мәлімдемелер жиынтығы аналитикалық, болжамдық, жобалау, педагогтердің ұйымдастырушылық, коммуникативтік, рефлексивтік іскерліктерін, сондай-ақ бейімделген негізгі жалпы білім беру бағдарламасын және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға байланысты педагогтің кәсіби стандартында көзделген машықтар мен еңбек іс-қимылдарын қамтамасыз етеді.

Студенттермен жүргізілген сауалнама 2 блоктан тұрады. 1-блок сауалнамаға қатысушылардың инклюзивті білім беру бойынша теориялық білім дәрежесін анықтауға негізделген. 2-блоқтың сұрақтарының ерекшеліктері, сауалнамаға қатысушылар өз білім дағдыларын 1-3 балл (1-мүлде білмеймін, 2-түсінемін, бірақ орындауға қиналамын, 3-білемін, орындай аламын) аралығында бағалау арқылы практикалық ептіліктерін анықтауға бағытталған. Бұл жерде қатысушылардың шынайы жауап беруі сұрақтардың санына және адалдығына байланысты. Әр блок 25 сұрақтан тұрды.

Орта мектеп мұғалімдерімен жүргізілген сауалнамада мұғалімдердің инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау бойынша білімдері мен құзіреттіліктері тексерілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Мақалада инклюзивті білім беру, оны жүзеге асыру үшін мамандарды дайындау деңгейі және осы мәселе төңірегінде атқарылып жатқан әлемдік және Қазақстан Республикасындағы іс-шараларды саралау мақсатында Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» оқу бағдарламасының 3-курс студенттерімен сауалнама алынған болатын. Сауалнама студенттердің жалпы инклюзивті білім беру туралы түсініктерін айқындау үшін қарапайым теориялық сұрақтардан басталды. Сауалнамаға 80 студент қатысып өздерінің инклюзивті практиканы жүзеге асыруға деген кәсіби даярлықтарын тексерді. Нәтижесі бойынша 1-блоқтың теориялық сұрақтарына студенттердің 62% дұрыс жауап берген. Инклюзивті білім берудің негізгі мақсатын, міндеттерін анықтауда студенттерге сауалнаманың теориялық сұрақтары қатты қиындық тудырмады. Яғни студенттердің инклюзивті білім беру туралы теориялық білімдерінің белгілі дәрежеде қалыптасқанын көреміз (1-сурет).



1-сурет. 1-блок бойынша студенттердің сауалнама нәтижесі

Дереккөз: Авторлар дайындаған.

Инклюзивті білім беру дегеніміз не деген сұраққа студенттер толығымен оның мүгедектігі бар немесе мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауға арналған әдістеме екенін нақты атаған. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға анықтама беріңіз деген сұраққа да толығымен нақты әрі дұрыс жауап берген. Студенттердің жауаптарына сай ерекше білім беруді қажет ететін балалар және инклюзивті білім беру жүйесі балалардың қандай топтарымен жүзеге асады деген екі сұрақты бірге қарай отырып денсаулығында кінараты бар (аутизм, құлағының мүмкіндігі, даму деңгейінің кемістігі бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған, көзі нашар көретін балалар) деген сияқты топтарды көрсеткен. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін мемлекеттік құжаттарды атаңыз деген сұраққа жауап бергенде студенттердің барлығы нақты құжаттарды атай алмаған, дегенменде кейбір студенттер бере алған.

Студенттердің көп бөлігі инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасына негізделген сауалнама сұрақтарына дұрыс жауап берген. Яғни студенттердің инклюзивті білім беру жүйесі туралы фундаменталды білімдері бар, теорияны меңгерген. Алайда инклюзивті білім берудің практикалық негіздері туралы түсініктерін анықтау мақсатында берілген тапсырмаларды орындау, инклюзивті балалармен жұмыс жасау құралдары мен әдістерін қолдану, оны бағалау бойынша берілген сауалнаманың екінші бөлімінде білімдері жеткіліксіз екенін байқадық. Инклюзивті білім беру бойынша теориялық білімдері болғанымен, оны практикада қолдануда қиындықтарға тап болып, жете шешімдер таба алмайтыны байқалды. Демек, педагог даярлауда «инклюзивті білім беру ұғымын» студенттер тар мағынада түсінеді, әліде болса арнайы дайындық, пысықтау керек деген тұжырымға келеміз.


2-блоктағы сұрақтарға өз біліктерін тексеру мақсатында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында кездесетін іс-әрекеттер берілді. Студенттердің жауап нәтижелері бойынша білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында кездесетін іс-әрекеттерге дайын болмай шыққандықтары және дайындық деңгейлері орта және төмен дәрежені көрсетті.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ерекшеліктерін анықтауға білімдері жеткілікті болғанымен, оларды бағалау, оқыту тапсырмаларын икемдеуде қиындықтарға тап болады. Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі инклюзивті балаларға тапсырма жасау, оны орындату, ондай тапсырмаларды бағалау бойынша білім дәрежесі жеткіліксіз екенін көрсетті. Студенттердің практикалық дағдыларын әліде пысықтау қажеттігі, студенттердің теория мен практиканы ұштастыра алмау қиындықтары айқындалды.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің берген жауаптарын саралай келе, олардың инклюзивті балалармен жұмыс жасауда, тапсырмалар беру мен оны бағалауда кездесетін қиындықтарына тоқталсақ, олар мынадай: баланың даму деңгейін талдау және бағалау бойынша нақты критерийлер жоқ, қазіргі таңда ұсынылып отырған бағдарламаларда педагогтер ұсынатын тапсырмалар мен оны орындау технологиялары өте көп, дегенменде нақты қайсысы тиімді жұмыс жасайтыны анықталмаған, инклюзивті балалармен жұмыс істеу бойынша елімізде инфрақұрылым жақсы дамыған, бірақ оны тиімді пайдалана алмай отырмыз.

Сауалнама жауаптарын сараптағаннан кейін зерттеу аясында ұсынатынымыз инклюзия тақырыбы әліде зерттеуді қажет етеді, ата-ананы тарту мәселесі әлі әлсіз, оны дамыту қажет, әр баланың даму деңгейін ескере отырып нақты қандай маман (логопед, дефектолог, психолог) қандай баламен жұмыс жасауы керек екенін нақтылау қажет деп ойлаймыз.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда практикалық дағдыларға ие болу құзіреттілігі маңызды және өзекті мәселе. Нәтижелерді талдай келе, студенттердің теориялық білімдерін практикада көрсете білу қабілеттерінің қандай дәрежеде екенін анықтап, осы олқылықтар бойынша жұмыстар жүргізу қажет екенін байқадық (2-сурет).




2-сурет. 2-блок бойынша студенттердің сауалнама нәтижесі

Дереккөз: Авторлар дайындаған.

Сонымен қатар, зерттеу тақырыбына сай жалпы орта мектептерде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын педагогикалық тәжірибелері бар мұғалімдерден осындай топ өкілдерімен жұмыс істеу бойынша білімдері мен құзіреттіліктерін диагностикалау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесіне сай инклюзивті білім берудің нақты мақсат, міндеттерін анықтау, балалардың ерекшеліктерін ескеріп жұмыс атқаруға қатысты теориялық сұрақтарға жауап

беруде студенттерге қарағанда мұғалімдер төмен көрсеткіш көрсетті. Талдау нәтижесі көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі әртүрлі ерекше топтардағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері туралы қиындықтар туындайтынын, осы қажеттіліктерді ескере отырып, бейімделген білім беру бағдарламасын қалай дұрыс жасау керектігін білмейтінін анықтадық, алайда олар іс жүзінде әрбір сыныпта мүмкіндігі шектеулі балалардың отыратынын, олармен жұмыс жасау қажеттігі туындайтынын жеткізген (3-сурет).



3-сурет. Мектеп мұғалімдерінің теориялық және практикалық дағдыларының деңгейлері
Дереккөз: Авторлар дайындаған.

Сауалнамаға сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагогтер, мектеп мұғалімдері қолда бар мүмкіндіктерді, арнайы жабдықталған сыныптарды пайдаланады, коррекциялық дәрістер береді, жаңа технологияларды қоладанады. Дегенменде, барлық мұғалім мұндай балалармен жұмыс жасап кете алмайды, сондықтан ерекше күтімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасайтын педагогтерді арнайы дайындау, олардың кәсіби деңгейін шыңдап отыру, шетелдік тәжірибесі бар мамандармен бірлесе пікірталастар өткізу, шеберлік сабақтарға қатысу орын алғаны жөн деген пікірге келеміз.

Инклюзивті білім беру мен оны жүзеге асыруда педагогтерді дайындау және олардың кәсіби құзіреттіліктерін шыңдау бойынша республика көлемінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда, әліде ұйымдастырылады. Дегенменде, инклюзивті білім беру тақырыбы өзекті болып қала бермек. Осындай топтағы балалармен жұмыс жасауда педагогтер қиындықтарға тап болмас үшін кәсіби біліктіліктерін халықаралық тәжірибелерге сүйеніп, шетелдік мамандармен бірлесе жұмыс атқарған жөн, өйткені бұл тақырып пен тәжірибе шетелдерде бұрыннан талқыланып, шешімін тапқан. Зерттеу аясында атап айтқанымыздай инклюзивті балалармен жұмыс жасайтын мамандар, педагогтер тек қана пән мұғалімі болуы жеткіліксіз, сабақ берумен қатар, тәрбиелік және қарым-қатынас мағынасындағы түрлі әрекеттер мен іс-шараларды ұйымдастыруы тиіс. Мамандардың пікіріне сай инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдердің психологиялық дайындығы басты факторлардың бірі, бұл мәселенің шешімін табу үшін мұғалімдер психологиялық әдістер мен дағдыларды меңгеруі қажет.

Инклюзия мәселесін шешу бойынша әлемдік тәжірибені қолдана отырып Қазақстан Республикасы бірнеше іс-шараларды атқарып отыр, атап айтатын болсақ:

- Қазіргі таңда осындай балалармен жұмыс жасайтын дефектолог, психолог, логопед мамандарды дайындау алға қойылған. Қазақстан Республикасының шамамен алғанда он жеті жоғары оқу орны дефектолог мамандарды дайындайды, бұл мамандық бізде бұрындары болмаған.

- Өрбір инклюзивті баламен сыныпта жұмыс жасауға пән мұғалімінен, сынып жетекшісінен басқа арнайы көмекші, яғни ассистент тағайындалады, мұндай ассистенттер дамыған мемлекеттердің барлық оқу орындарында арнайы топ балаларымен жұмыс жасайды.

- Сабақ барысында ойын технологияларын енгізу, пән тақырыбын ойын түрінде ұйымдастыру да әлемдік тәжірибеден келген.

- Мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасымен ғана емес денсаулығы жақсы баланың ата-анасымен арнайы жұмыс жасау, олардың балаларының инклюзивті балалармен бір сыныпта бірге оқуына жақсы көзқараспен қарау, түсіністік танытуы бойынша да жұмыстар атқару мәселесі әлемдік тәжірибеде бар және еліміздің инклюзивті балалармен жұмыс жасауда осы тәсілдер енгізілді.

Инклюзия тақырыбы елімізде, жоғарыда атап айтқанымыздай, 2010-2020 жылдардан бастап көңіл аударыла бастағанымен әліде болса бұрыннан дамыған мемлекеттерден тәжірибе алып, оны еліміздің тәжірибесіне енгізу басты мәселе.

Қорытынды. Инклюзивті білім беруге байланысты әдебиеттер шолуы, мамандар пікірі, арнайы заңнамалар, зерттеу аясында жасалған диагностикалық сауалнамаға талдау жасай келе, инклюзивті білім беру процесіне қатысушы педагогтердің кәсіби даярлығын арттыру мақсатында аталған саладағы маңызды міндеттерге мыналарды кіргіздік: мұғалімдерді кәсіби даярлау бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, бар бағдарламаларды қайта пысықтау; осы салада арнайы білім алушылардың, студенттердің өндірістік практикада ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау түрлерін енгізу; инклюзивті білім беру барысында педагогтердің кедергілерді еңсеру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін психологиялық тренингтік бағдарламаларды әзірлеу және енгізу; бейімдік білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтерге жеке консультациялық көмек көрсету; мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналармен жұмыс түрлерін көптеп енгізу; педагогтердің біліктілікті арттыру бағдарламаларын түрлендіру және саны мен сапасына көңіл бөлу.

Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды басқа балалармен тең қарап, олардың бірге білім алуына жағдай жасау бойынша көптеген істер атқарылуда, арнайы құжаттар да түзілген, мамандарды даярлапта жүр. Қазақстан Республикасы шетелдік мамандармен бірлесе педагогтарға арнайы дәрістер ұйымдастырып, кәсіби құзіреттіліктерін шыңдауда тың жұмыстар атқарды. Зерттеу аясында осы мәселеге қатысы бар педагог-маман, зерттеуші ретінде қосарымыз инклюзия тақырыбын тек мүгедек бала мәселесі деп қарамау, осындай топтағы балаларға қамқорлық таныту, солардың дұрыс білім алуына жағдай жасау, сыныпты соған сай жабдықтау, әр баланың тілін таба білу, әр баланың ата-анасымен қарым-қатынасты жақсарту, бірлесе жұмыс жасау, кез-келген жағдайға дайын болу, сыныптағы басқа балалармен терезі тең болуын қамтамасыз ету, толеранттылық таныту маңызды деп санаймыз.

Зерттеу тақырыбын жан-жақты талқылау үшін студенттер мен мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінен кейін инклюзивті білім беру Қазақстан Республикасында бірнеше жылдар аясында өзекті болып, оған сай көптеген істер атқарылып жатқанын айттық, тиісті құжаттарда түзілген, арнайы мамандар осы тақырып аясында зерттеулер жасап, оны сыныпта практикада қолданып жүр. Бар теория мен практиканы ұштастыруда мұғалімдер нақты мүмкіндігі шектеулі топтармен бетпе-бет келіп жұмыс жасағанда бірқатар күтпеген мәселелерге, қиындықтарға тап болатыны анықталды. Оны шешу үшін нақты қадамдар, нақты қалыптасқан тәжірибе қажеттігі туындайды. Зерттеу қорытындысы ретінде төмендегі ұсыныстарды, шараларды ұсынамыз.

Инклюзивті балалармен жұмыс жасайтын педагогтарды дайындауда мына құзіреттіліктер маңызды деп санаймыз: болашақ педагогтарды жеке қасиеттері мен қабілеттеріне қарай таңдап алу немесе арнайы тренингтерден өткізіп барып мамандыққа қабылдау, мамандыққа қабылдамастан бұрын сұхбат жүргізіп, осы қасиеттерін анықтау, олардың сол салада маман болуына қабілетін айқындау; педагогтарды дайындауда инклюзивті білім беретін балалардың диагноздарымен, психологиясымен, даму

ерекшеліктерімен таныстыру, тиісті ақпарат беру маңызды; сонымен қатар студенттердің педагогикалық практикаларында инклюзивті балалармен жұмыс жасап, практикасын пысықтау қажет; осындай топпен жұмыс жасауға сағат берілген педагогтерді алдын-ала арнайы тренингтер көмегімен дайындықтан өткізіп, психологиялық және педагогикалық тестілеуден өткізуді ұсынамыз.

Инклюзия мәселесі бұрыннан басты назарда жүрген бірқатар дамыған мемлекеттер тәжірибесінде бар мынадай іс шараларды Қазақстанда да белсендіруді маңызды:

- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасауда, олармен бірлескен түрлі шаралар ұйымдастыруда ерекітілер (волонтер) тобын белсендіру, яғни, еріктілер тобына мұғалімдер, ата-аналар, қоғамдық қызметкерлер, жастар тартылады.

- Оқу орындары мен медициналық мекемелердің бірлесе жұмыс атқаруы. Мысалы, Европа елдерінде мектептер мен медициналық мекемелердің бірлесе жұмыс атқаратын моделі бар, яғни, балаларға үнемі психологиялық және медициналық жәрдем көрсетіліп, бала сабаққа барып қана қоймай денсаулығын түзеп, қоғамда дұрыс әрекет ете алуын қамтамасыз етеді.

- Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттырып отыру, мысалы, Финляндияда мектеп мұғалімдері үздіксіз кәсіби біліктілігін шыңдап отырады және инклюзивті балалармен жұмыс атқарудың жаңа тәсілдерін, жаңашыл идеяларды алып, білімдерін жетілдіріп отырады.

- Әлемдік тәжірибеде тағы бір көңіл бөлінетін нәрсе мүгедектігі бар балалардың ата-анасын да арнайы курстардан өткізіп, балаларымен мектепте, үйде қалай жұмыс жасауға болатынын, балаларды қалай қоғамға икемдеуге болатыны, сыныптың басқа балаларымен қалай бірлесе білім алу керектігі жайлы арнайы біліммен жабдықтау.

- Дамыған елдерде инклюзивті балабақша, мектеп қоғамдық мекемелермен, мәдени және спорттық орталықтармен байланыста жұмыс атқарады, бұл баланың қоғамға бейімділігін, коммуникация жасауына үлкен ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен Үкімет отырысы. 2 желтоқсан 2021 [Электрондық ресурс]. – URL: <https://primeminister.kz> (өтінім берілген күні: 10.02.2022)

2 Ногайбаева Г., Жумажанова С., Коротих Е. Рамка мониторинга инклюзивного образования в РК. – Астана: АО ИАЦ, 2017. – 185 б.

3 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (өтінім берілген күні: 15.02.2022)

4 «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана, 2024. – 113 б. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://shorturl.at/EKSXf> (өтінім берілген күні: 15.02.2022)

5 Лиходедова Л.Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. «Білім» мамандықтары тобына арналған оқу құралы. Қарағанды, «Medet Group» ЖШС, 2021. – 194 б. [Электрондық ресурс]. - URL: <https://shorturl.at/4QUZK> (өтінім берілген күні: 15.02.2022)

6 Adăscăliței C. An integrative approach to vocational identity and of the prevention of school adaptation difficulties // Moldavian Journal for Education and Social Psychology. – 2020. – №4(2). - С. 20-27. DOI: <https://doi.org/10.18662/mjesp/4.2/19>

7 Frumos L. Attitudes and self- Efficacy of Romanian primary school teachers towards including children with special educational needs in regular classrooms // Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala. – 2018. – №10(4). – С. 118-135. DOI: <https://doi.org/10.18662/rrem/77>.

8 Stăncescu I., Drăghicescu L. M., & Suduc A. M. Teenagers` perception about discrimination // Logos Universality Mentality Education Novelty: Political Sciences and European Studies. – 2020.

- №6(2). – С.17-31 [Electronic resource]. – URL: <https://lumenpublishing.com/journals/index.php/lumenpses/article/view/4177> (data of access: 22.08.22.)
- 9 Timo Saloviita. Attitudes of Teachers Towards Inclusive Education in Finland // *Scandinavian Journal of Educational Research*. – 2020. – №64:2. – С.270-282. DOI: <https://doi.org/10.1080/00313831.2018.1541819>
- 10 Demchenko, Iryna et al. Training Future Physical Education Teachers for Professional Activities under the Conditions of Inclusive Education // *BRAIN. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*. – 2021. – [S.l.]. – V.12. – №3. – С.191-213 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.brain.edusoft.ro/index.php/brain/article/view/1176> (өтінім берілген күні: 24.08.22.)
- 11 Sheremet M. K., Leniv Z.P., Loboda B.B., & Maksymchuk B.A. The development level of smart information criterion for specialists' readiness for inclusion implementation in education // *Information Technologies and Learning Tools*. – 2019. – №72(4). – С.273–285. DOI: <https://doi.org/10.33407/itlt.v72i4.2561>
- 12 Турсынбаева З.П., Тургунова Д.К. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің кәсіби құзіреттілігін дамыту. Әдістемелік құрал. –Шымкент: «Өрлеу» БАҰО, 2017. – 77 б. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://shorturl.at/c1WKY> (өтінім берілген күні: 24.08.22.)

REFERENCES

- 1 KR Premier-Ministri Askar Maminnin toragalygymen Ykimet otyrysty. 2 zheltoksan 2021. [Government Meeting chaired by Prime Minister of Kazakhstan Askar Mamin] [Electronic resource]. – URL: <https://primeminister.kz> (data of access: 10.02.2022) [in Kazakh]
- 2 Nogajbaeva, G., Zhumazhanova, S., Korotih, E. (2017). *Ramka monitoringa inklyuzivnogo obrazovaniya v RK* [Framework for monitoring inclusive education in RK]. – Astana: AO IAC, 185 pp. [in Russian]
- 3 Bilim turaly Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319 Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan dated 27 July, 2007 № 319-III. on Education] [Electronic resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (data of access: 15.02.2022). [in Kazakh]
- 4 2024-2025 oky zhylynda Kazakstan Respublikasynyn zhalpy bilim беретin mektepterinde bilim беру proessin uyumdastyrudyn erekshelekteri turaly adistemelik nuskau khat [About significance of organizing study process in general secondary schools of the Republic of Kazakhstan for 2024-2025 academic year]. Kazakhstan Respublikasynyn oku-agartu ministrlygi. Y.Altynsarin atyndagy ulttyk bilim akademiyasi. Astana, 2024, 113 b. [Electronic resource]. – URL: <https://shorturl.at/EKSXf> (date of access: 15.02.2022). [in Kazakh]
- 5 Lihodedova, L.N. (2021). *Inklusivti bilim berudyn teoryasy men praktikasy* [Theory and practice of inclusive education]. «Bilim» mamandyktary tobyna arналған oku kuraly. Karagandy, «Medet Group» ZhShS, 194 b. [Electronic resource]. – URL: <https://shorturl.at/4QUZK> (date of access: 15.02.2022) [in Kazakh]
- 6 Adăscăliței, C. (2020). An integrative approach to vocational identity and of the prevention of school adaptation difficulties. *Moldavian Journal for Education and Social Psychology*, 4(2), 20-27. DOI: <https://doi.org/10.18662/mjesp/4.2/19>
- 7 Frumos, L. (2018). Attitudes and self-Efficacy of Romanian primary school teachers towards including children with special educational needs in regular classrooms. *Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala*, 10(4), 118-135. DOI: <https://doi.org/10.18662/rrem/77>
- 8 Drăghicescu, L. M., Stăncescu, I., & Suduc, A.-M. (2020). Teenagers' Perception about Discrimination. *Logos Universality Mentality Education Novelty: Political Sciences & European Studies*, 6(2), 17-31. [Electronic resource]. – URL: <https://lumenpublishing.com/journals/index.php/lumenpses/article/view/4177> (data of access: 22.08.22.)
- 9 Timo, Saloviita. (2020). Attitudes of Teachers Towards Inclusive Education in Finland. *Scandinavian Journal of Educational Research*, 64:2, 270-282. DOI: <https://doi.org/10.1080/00313831.2018.1541819>

10 Demchenko, Iryna et al. (2021). Training Future Physical Education Teachers for Professional Activities under the Conditions of Inclusive Education. *BRAIN. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*, [S.l.], v. 12, n. 3, p. 191-213, dec. 2021 [Electronic resource]. – URL: <https://www.brain.edusoft.ro/index.php/brain/article/view/1176> (date of access: 24.08.22.)

11 Sheremet, M. K., Leniv, Z.P., Loboda, B. B., & Maksymchuk, B.A. (2019). The Development Level of Smart Information Criterion for Specialists' Readiness for Inclusion Implementation in Education. *Information Technologies and Learning Tools*, 72(4), 273–285. DOI: <https://doi.org/10.33407/itlt.v72i4.2561>

12 Tursynbayeva, Z.P., Turgunova D.K. (2017). Inkluzivti bilim beru zhagdayindagy pedagogtin kasibi kyzirettiligini damuty. Adistemelik kural. [Development of professional competence of a teacher in inclusive education. Methodological tool]. Shymkent: BAUO, 77 b. [Electronic resource]. – URL: <https://shorturl.at/c1WKY> (date of access: 24.08.22.) [in Kazakh]

Zhumageldiyeva A.D.¹, * Assanova G.S.², Rola J.³

¹Kazakh National pedagogical university named after Abay,

²Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages,

³The Maria Grzegorzewska University

^{1,2}Kazakhstan, Almaty,

³Poland, Warsaw

INCLUSIVE EDUCATION REQUIREMENTS AND PROFESSIONAL TRAINING OF TEACHERS: INTERNATIONAL AND KAZAKHSTANI EXPERIENCES

Abstract

In the current context of inclusive education, the professional training of teachers is of particular importance. The research article analyzes inclusive education, the knowledge, training and roles of teachers in its implementation, and international and Kazakhstani experience in this area. The purpose of the research article is to determine the current state of inclusive education and discuss the training of teachers in comparison with existing practices in the world. To present the results of the research, the authors reviewed the researches on the topic of inclusion, conducted a special survey consisting of two blocks among students of secondary schools and pedagogical universities, and used empirical and cognitive analysis methods to diagnose professional competencies and knowledge on the theory and practice of implementing inclusive education, attitudes and participation in inclusive education. Based on the results of the survey, the authors give recommendations for the formation of professional training of teachers in implementing inclusive education.

The issue of providing children with disabilities with the same education as children without health problems is one of the current topical issues in the field of education, and although various measures are being taken in the field of its development, it still requires in-depth research, since the number of such children is growing. As a result of the study, it is recommended to create various mechanisms based on international experience, and to develop practical knowledge of teachers rather than theoretical knowledge.

Keywords: future teacher, professional training, inclusion in education, children with special educational needs, secondary school, teacher development, psychological-pedagogical support.

Жумагелдиева Д.¹, * Асанова Г.С.², Рола Я.³

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,

²Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана,

³Академия специальной педагогики имени М. Гжегожевской

^{1,2}Казахстан, Алматы

³Польша, Варшава

ТРЕБОВАНИЯ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГОВ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ И КАЗАХСТАНСКИЙ ОПЫТ

Аннотация

В современных условиях инклюзивного образования профессиональная подготовка педагогов приобретает особое значение. В научной статье анализируется инклюзивное образование, знания, подготовка и роль

педагогов в его реализации, а также международный и казахстанский опыт в этой области. Целью данной статьи является выявление текущего состояния инклюзивного образования и обсуждение подготовки учителей путем сравнения ее с существующей практикой во всем мире. Для представления результатов исследования были изучены исследования по теме инклюзии, проведен специальный опрос, состоящий из двух блоков, среди обучающихся общеобразовательных школ и педагогических вузов, а также с помощью методов эмпирического и когнитивного анализа проведена диагностика профессиональных компетенций педагогов по теории и практики реализации инклюзивного образования, отношение и участия в инклюзивном образовании. По результатам исследования даны рекомендации по формированию профессиональной подготовки педагогов в сфере реализации инклюзивного образования.

Проблема предоставления детям с ограниченными возможностями здоровья такого же образования, как и детям без проблем со здоровьем, является одной из актуальных на сегодняшний день проблем в сфере образования, и хотя в области ее развития принимаются различные меры, она все еще требует глубоких исследований, поскольку количество таких детей увеличивается. Результаты исследования свидетельствуют о необходимости создания различных механизмов, основанных на международном опыте, а также развития практических знаний педагогов нежеле теоретическое.

Ключевые слова: будущий педагог, профессиональная подготовка, инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, средняя школа, повышение квалификации, психолого-педагогическая поддержка.